



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ұлытау облысының әкімдігінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 07/01 қаулысы.
Күші жойылды - Ұлытау облысының әкімдігінің 2025 жылғы 16 шілдедегі № 60/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысының әкімдігінің 16.07.2025 № 60/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес, Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Ұлытау облысы әкімдігінің "Мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2024 жылғы 16 ақпандағы № 11/01 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлытау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Ұлытау облысының әкімі

Д. Рыспеков

Ұлытау облысы әкімдінің

2025 жылғы "22" қаңтар

№ 07/01 қаулысына қосымша 1

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

		Мектепке дейінгі білім беретін ұйымдардың түрлері

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			
		10,5 сағаттық режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	9 сағаттық режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар	Жарты күн болатын топтары, жалпы білім беретін мектептің жанындағы мектепалды даярлық сыныптары	Түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық топтары
Ауыл	1 325	62 695	57 572	27 714	114 097
Қала	7 249	56 327	51 911	24 884	100 831
Экологиялық апат аймағындағы өңірлер үшін					
Ауыл	155	74 907	68 428	32 646	139 541

Ұлытау облысы әкімінің
2025 жылғы "22" қаңтардағы
№ 07/01 қаулысына 2 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ұлытау облысының әкімдігінің 03.04.2025 № 32/01 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір балаға (1 -3 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)	Айына бір балаға (3 -5 жас) тамақтану үшін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
Жезқазған қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	3 090	17 000	19 000
2	Балабақша (жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	220	17 000	19 000
Сәтбаев қаласы				
1	Балабақша (мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	3 204	17 000	19 000
2	Балабақша (жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	0	0	0
Қаражал қаласы				

1	Балабақша мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	(520	13 000	15 000
2	Балабақша жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	(215	13 000	15 000
Жаңаарқа ауданы				
1	Балабақша мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	(685	15 000	17 000
2	Балабақша жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	(290	15 000	17 000
Ұлытау ауданы				
1	Балабақша мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	(285	13 000	15 000
2	Балабақша жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар)	(65	13 000	15 000